


Бекітемін: 
Мектеп директоры: Л.Ж.Амангалиева

№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы
«28» тамыз 2023 жыл

Келісемін: 
Директордың тәрбие – ісі жөніндегі орынбасары: А.Т.Дуйсегалиева

«28» тамыз 2023 жылы

Қарасу негізгі мектебі
Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша
9 - сыныптың тәрбие жұмысының
жылдық жұмыс жоспары

Сынып жетекшісі: А.Ж.Нурғалиева
2023 – 2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі азаматтың мәңгілік тақырыбы. Ел ертені болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін; - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, алами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қалдыруға, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қалдыруға, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қалдырады.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қаламына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ар-ұят құндылығы:

- Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Өлеп нормаларын ұстану; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

Талапқұндылығы:

- Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орната білу; .

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары

5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл

Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	Салтанаттық жиын жәнәсынып сағаттары	ДТЮ Сынып жетекшісі	1.09.23.
2	«Білім және тәрбие» Биылғы оқу жылының ерекшеліктері (Оқуға құштар мектеп жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	4.09.23.
3	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» («Ғаламдар қауіпсіздігі»)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	11.09.23.
5	Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз (Еңбегі адал жас өрен) Біртұтас тәрбие бағдарламасы	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	18.09.23.
6	Жыныстық қатынас дегеніміз не?	Сынып әңгіме сағаты	Сынып жетекшісі	25.09.23.

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

1 қазан - Қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

25 қазан – Республика күні

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Кобеевтің туғанына 145 жыл

Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшіһүр - ЖүсіпКөпеевтің туғанына 165 жыл

Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі ЖүсіпбекАймауытовтың туғанына 135 жыл

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыныТорайғыровтың туғанына 130 жыл

Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу Нысаны	Жауаптылыр	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Бір отбасы – біркітап» («Балаларкітапханасы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	2.10.23.
2.	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда » («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сыныпсағаты	Сынып жетекшісі	9.10.23.
3.	Адалдық және сыпайылық шыннайы адам келбеті («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сыныптан тыс іс- шара	Сынып жетекшісі	16.10.23.
4.	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	Сыныпсағаты	Сынып жетекшісі	23.10.23.

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталуына	Жауаптылар	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	Тәуелсіз елдің ұлдары («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	6.11.23
	«Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	13.11.23.
	«Отбасыммен бірге» отбасы құндылықтарын насихаттау («Ата аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары, Ата-аналармен бірге	Сынып жетекшісі	20.11.23.
	«Мен өз елімнің патриотымын» жоба қорғау	Сынып сағатының жоспары жоба	Сынып жетекшісі	27.11.23.

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

МІЛІТ ВЕНЕОП – АШАМАС

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«ЖИТС – 21 ғасыр дерті» пресс конференция («Тогыз айға тоғыз шара» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	4.12.23.
2.	«Қылмыс және жасөспірім» («Жеткіліксіздіктің Жетісарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	11.12.23.
3.	«Тәуелсіздік жетістіктері» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	18.12.23.
4.	«Кітап оқитын адам – табысты адам» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	25.12.23.

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ Қысқы демалыс

№	Іс-шараның атауы	Аяқталуына саны	Жауаптылар	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	Менің өлкемнің ақын-жазушылары («Жеткініектің Жетіжарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	8.01.24.
2	Заңды білген жөн екен («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	15.01.24.
3	Бүгінгі шәкірт -ертеңгі маман («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	22.01.24.
4	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	29.01.24.

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысана	Жауаптылар	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	5.02.24.
2.	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту	Іс-шараның жоспары/ сценаріі	Сынып жетекшісі	12.02.24.
3.	«Сен және Заң» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	19.02.24.
4.	Сабырлылық – асыл қасиет («Ата-аналар мектебі» жобасы) <i>Айып айтса - парыз</i>	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі қарасты білім беру ұйымдары	26.02.24.

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Бәрі де, Ана, бір өзіннен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	4.03.24.
2	«Таным. Тағылым. Тәрбие» («Жеткіншектің ЖетіЖарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	11.03.24.
3	«Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	Сыныптан тыс іс-шараның Жоспары	Сынып жетекшісі	18.03.24.

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12сәуір -Ғылымкүні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Достық-көмекпен мықты» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	1.04.24.
2.	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	8.04.24.
3.	«Ұлттық киім-ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	15.04.24
4.	«Қоқысты қайта өндеу процесі» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	22.04.24
5	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	29.04.24

МАМЫР–БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр–Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр–Отан қорғаушылар күні 9 мамыр–Жеңіс күні
- 31 мамыр–Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	6.05.24.
2.	«Медиаtime» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	13.05.24.
3.	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	20.05.24.